

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАШЫЛҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫН ТӘРБИЕЛЕУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ТАҚЫРЫПТАР

Бисембаева Жанат Кумаровна,
аға оқытушы, педагогика магистрі, мектепке дейінгі
және бастауыш білім беру кафедрасы,
Мирасбек Гүлім,
«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығының 3 курс студенті,
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ.

Аннотация

Өзектілігі: Қазақ қоғамын еңбекқорлық пен рухани бай болуға баулитын Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Мақсаты: Мақалада қазақтың тұңғыш ағартушы-педагогі Ыбырайдың шығармашылығындағы адамгершілік және тәрбие тақырыбының берілу сипаты және оның бала бойында қандай қасиеттерді қалыптастыратыны қарастырылады.

Түйінді сөздер: Ыбырай Алтынсарин, ағартушы, шағын әңгімелер, қазақ қоғамы, рухани тәрбие.

Аннотация

Актуальность: Не утратили актуальности рассказы Ибрая Алтынсарина, вдохновившего казахстанское общество на упорный труд и духовное обогащение.

Цель: В статье рассматривается сущность темы нравственности и воспитания в творчестве первого казахского педагога Ибрая и какие качества она формирует у ребенка.

Ключевые слова: Ибрай Алтынсарин, просветитель, короткие рассказы, казахское общество, духовное воспитание.

Abstract

Relevance: The stories of Ibray Altynsarin, which inspired the Kazakh society to diligence and spiritual enrichment, have not lost their relevance.

Goal: The article examines the essence of the theme of morality and education in the work of the first Kazakh teacher Ibrai and what qualities it forms in a child.

Keywords: Ibrai Altynsarin, educator, short stories, Kazakh society, spiritual education.

Қазақтың аса көрнекті тұлғаларының бірі Ыбырай (Ибраһим) Алтынсарин өзінің өмір жолында қазақ балаларын мектепке баруға, оқу-білім алуға шақырып, өзі де ұстаздық қызметпен туған халқына білім беру үшін аянбай еңбек еткенін білеміз. Ол тек көркем-әдеби шығармалар жазып қана қоймай, педагогикалық және этнографиялық еңбектер жазып, балалармен қоса мұғалімдерге де бағдаршам бола білді. Сондай-ақ Ыбырай Алтынсарин балалардың сауатын ашумен қатар, олардың тәрбиесіне, адамшылығы мол жақсы азамат болып қалыптасуына да өз септігін тигізді. Оның өнегеге толы өлеңдері мен қысқа ғана болса да берері мол әңгімелері халықтың рухани байып, адами қасиеттерді үйренуіне себепкер бола алды.

Ыбырай Алтынсарин орыс педагогтері (К. Д. Ушинский, И. И. Паульсон) мен жазушыларынан (Л. Н. Толстой, И. А. Крылов) шағын әңгімелер мен мысалдарды тәржімалау барысында оларды қазақ мәдениеті мен дүниетанымына икемдей отырып жазды. Өзі де солардан үлгі ала отырып, үгіт-өсиет ретінде қазақ тіліндегі алғаш әңгімелерді жаза бастады. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы» екенін терең түсінген оның шығармаларының негізгі үш бағытының алғашқысы – балаларды оқуға шақыру болса, екіншісі – еңбек пен өнерге баулу, ал үшіншісі – оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу, мәдениетті азамат болып қалыптасуға үндеу. [1, б.12]

Жеке тұлғаларға білімсіздің күні қараң екенін, сауатты болу мен оқи алудың пайдасының ұшан-теңіз екенін Ыбырай әйгілі «Кел, балалар, оқылық» атты өлеңінде айқын атап өтеді. Сол секілді «Өнер білім бар жұрттар» өлеңі де осыдан бір жарым ғасыр бұрын жазылса да, өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Мұнда ақын өнер мен білімге жеткілікті көңіл бөлген, үйренуден жалықпаған шет елдердің өз өмірлерін жеңілдетіп, жақсылықта өмір сүріп жатқандығын тілге тиек етеді.

Қазіргі заманға көз салсақ та, ғылым-білімі дамыған жұрттың халқының өмір сүру, денсаулық жағдайлары оқудан кенде қалып қалып жақтан мемлекеттерден әлдеқайда жақсы екенін аңғарамыз. Бұл құбылысты өз уақытында байқап, қазақ жастарын оқытуға барын салған Ыбырай білім алу идеясын орыс хрестоматиясынан тәржімалаған мысалдарында да, өзі жазған шағын әңгімелерде де кейіпкерлердің іс-әрекеті мен айтқан сөздері арқылы оқырманның санасына сіңіре береді. Мысалы, «Лұқпан әкім» әңгімесінде сипатталған оқиғада дәрігерлікті күнә санайтын, құдайдың қалауына қарсы шыққандық деп есептейтін жаңсақ түсініктегі молдаға Лұқпан әкімнің қайтарған жауабы оқырманның ойын дұрыс арнаға бағыттайтыны сөзсіз. [2, б.235]

Білім алу үшін адамға таудай талап пен асқан сабырлық, еңбек сүйгіштік секілді қасиеттер керек. Тек кітап оқумен адамның өмірі гүлденіп сала бермейтінін, сол білімді пайдаға жаратып, еңбек етуі қажет екендігін Ыбырай терең түсінді. Сондықтан оның көптеген әңгімелерінің негізгі идеясы жас өскіндерді, жалпы жұртшылықты еңбекқорлыққа баулу тақырыбында болды. Мәселен, «Әке мен бала» әңгімесіне назар аударайық. Мұнда әңгімеші әке мен баланың реалистік оқиғасын суреттеу арқылы оқырманға «аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың, азға қанағат етпесең, көптен құр қаларсың» деген моральді жеткізуге тырысады. [3, б. 45] Ал «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде жер бетіндегі қыбырлап жүрген әр жәндіктің өмір сүру үшін еңбектеніп жүргеніне назар аударта келіп, адам баласы да босқа жатпай, еңбектенуі керек екенін еске салады.

«Атымтай жомарт» әңгімесінде жазушы халық арасындағы Атымтай жомарт туралы аңыздарға жаңаша мазмұн беріп, өзінше қорытады. Атымтайды ол еңбек адамының үлгісі етіп көрсетеді. Еш нәрсеге мұқтаждығы жоқ болса да, Атымтай ылғи жұмыс істейді. «Күн сайын өз бейнетіммен, тапқан пұлға нан сатып алып жесем, бойыма сол нәр болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі өзгеше болады», – дейді ол. Осы арқылы Ыбырай еңбектің мәні мен маңызын ардақтап көрсетеді. Әрине, үнемі оқу іздеп, тынымсыз еңбек ету үшін адамға жігер керек. Ыбырай алға мақсат қойып, соған жете білуді айналаға қарап үйренуге болатынын «Сәтемір хан» шағын әңгімесінде суреттейді. Жастайынан жетім қалған Сәтемір атты бала құмырсқаның тамның төбесіне қарай шығуға деген талпынысына сүйсіне қарап, мынадай ой түйеді: «Құдай-Тағаланың жаратқан жан-жануарының ең кішкентайы осы құмырсқа-екеш құмырсқа да тынбай жұмыс істеп жүр. Өзі ақсақ, бір тырмысып, екі тырмысып, жығылып, сонда да қоймай, ақырында мұратына жетті. Тамның басына шықты. Мұны көріп отырып менің де талап іздемей, жұмыссыз ойнап жүргенім ақылсыздық екен». [4, б.36]

Бұл әңгімені оқып отырған жас та, ешқандай кедергіге қарамай, үздіксіз алға ұмтылудың арқасында диттеген мақсатқа жетуге болатынына көзі жетеді. Осы секілді еңбек етіп, өнер іздеуге насихаттайтын шығармаларға жастайынан қиыншылық көріп, өз нанын өзі тауып жеуге дағдыланған кедей баласы мен молшылықта еңбектің қадірін білмей өскен бай баласының арасындағы контрастты көрсететін «Бай баласы мен жарлы баласы», тіленші болып жүрген жерінен адал еңбекке бет бұрып, мақсатына жеткен жігіт туралы «Дүние қалай етсең табылады?» әңгімелері де мысал бола алады.

Ыбырай 1864 жылы 16 наурызда оқушылары туралы «Қысқасы, бұл жастар төрт жылдық курсты бітіргеннен кейін тәп-тәуір сөйлейтін және жаза алатын болады. Кейіннен парақор болмауы үшін олардың адамгершілігіне де ықпал жасауға бар күшіммен тырысамын» деп жазған болатын. Өзі айтқандай, ол қазақ жастарының адамгершілігі мол, рухани кемелденген адам болып қалыптасуы үшін аянбай тер төкті. Осы себептен де шығармашылығының негізі арқауы ретінде мейірбандық, рахымшылық, ел мен жерді сүю, ата-ананы қадірлеу секілді адамгершілік тақырыптарын таңдады. Мысалы, «Шеше мен бала» әңгімесінде оқырмандарды мейірімді болуға, адам баласы мен жан-жануарға бірдей қамқорлық көрсетуге үндеу көзделген. Сондай-ақ, «Көбірек жақсылық етуге шамам келсін десең, әр нәрсеге күтімді болу керек» деген ананың сөзінен ұқып-

тылық, үнемшілдік секілді жеке тұлғалық қасиеттердің де маңызы зор екенін көреміз. [5, б.168] Осы секілді «Полкан деген ит» шығармасы адамның төрт аяқты досы иттің мысалымен өзіңнен кішілерге мейірімді болу, оларды әлсіз екен деп басынбай, керісінше, ізетпен қарау керек екенін баяндайды.

«Алтын шеттеуік» атты әңгімесінде жазушы не нәрсенің де құр сыртына қарап қызықпағанның жөн екенін, асылы ішінде болатынын жеткізген болатын. Осындай моральдық мәнге толы «Алтын шеттеуік», «Малды пайдаға жарату», «Білгеннің пайда-сы», «Аурудан аяған күштірек», «Салақтық», т. б. әңгімелердің барлығы да оқыған жанды адамгершілік шарттарымен таныстырып, жан сұлулығына ұмтылдыратыны шындық.

Қорыта келе, ұлы жазушымыздың балаларға арналған шығармаларында қандай тақырыпта жазса да алдымен нені мақсат етіп көрсетуге болар еді деген мәселеге тоқтайды. Жазған әңгімесін өмірде кездесетін, баланың өзі назар аударатындай заттармен, іс-әрекеттермен байланыстырып отырады. Ыбырай шығармалары қысқа мазмұнды, балалардың түсінуіне жеңіл. Аз сөзге көп мағына сыйғызу, мақал-мәтел мен афоризмдерді орынды қолдану, әр әңгіменің тағылымдық мәніне ерекше көңіл аудару.

Ыбырай шығармаларының өзіндік ерекшеліктері сол, мазмұны жағынан да, түрі жағынан да балалар әдебиетіне қойылатын талаптарға сай келеді. Ол өзінің бүкіл саналы өмірін қазақ халқының жаңа буынын тәрбиелеуге арнап, олардың мәдениетті елдерден үлгі ала отырып, білімді де сапалы азамат болып жетілуіне айтарлықтай үлес қосты. Сол мақсатта қазақ жастарына арнап мектептер ашып, оқулықтар жазды. Өзінің төл өлеңдері мен көркем әңгімелеріне қоса, орыс әдебиетінен мәні ешпес ғажайып аудармалар жасады. Халық болашағын орыс мәдениетімен бірлікте деп санап, сол игі мақсатта тендесі жоқ елеулі еңбек етті.

Ыбырай Алтынсарин – баланың қандай адам боп өсетіні оған берілген тәрбиеге тікелей байланысты екенін түсіне білген педогог. Ол балаларға «Мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы түзік кісі болып өсерсің. Бағусыз бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің». [6, б.227] («Бақша ағаштары» әңгімесінен) дейді. Жас өскіннің бойына жастайынан ізгі қасиеттерді өсиет, мысал әңгімелермен, ертегілермен дарыту қазақ халқының бала тәрбиелеу методикасында әуелден-ақ бар тәжірибе. Ыбырай баланы оқытуда жаңа заман талабы мен қазақтың сан ғасырдан бері сақталған тәрбие беру салтын ұштастырған еліміздің рухани өмірінде елеулі орын алған тұлға болып қала бермек.

Әдебиеттер тізімі:

1. https://www.zharar.info/kz/story/8644-altynsarin_ake_man_bala.html
2. <https://www.zharar.info/kz/story/8701-khan.html>
3. https://www.zharar.com/kz/story/8708-sheshe_men_bala.html
4. https://www.zharar.com/kz/story/8657-altynsarin_baksha_agash.html
5. Алтынсарин Ы. Кел, балалар, оқылық: Өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар. – Алматы: Атамұра, 2006. – 168 б.
6. «Ыбырай Алтынсарин мұрасының әлеуметтік, педагогикалық, өнегелі әлеуеті және қазіргі заман». Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. Қостанай, 2011. – 227 б.